

"Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, Қарақия ауданының ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарының, Қарақия ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметтік күелігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 82 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 сәуірде № 3347 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 119 қаулысымен

**Ескеरту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 18.06.2020 № 119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р Қ А О - ның ескертпесі .**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 30 бабының 4 тармағына сәйкес Қарақия ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, Қарақия ауданының ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарының, Қарақия ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметтік күелігін беру қағидалары және оның сипаттамасы бекітілсін.

2. "Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (А. Таубаев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы А. Таубаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Дауылбаев

Қарақия ауданы әкімдігінің 2017 жылғы

24 наурыздағы № 82 қаулысымен

бекітілген

**"Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, Қарақия ауданының ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарының, Қарақия ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметтік күелігін беру қағидалары және оның сипаттамасы**

1. Осы "Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, Қарақия ауданының ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарының, Қарақия ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметтік күелігін беру қағидалары және оның сипаттамасы (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 30 бабының 4 тармағына сәйкес әзірленген және "Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – аппарат), Қарақия ауданының ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары (бұдан әрі – ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары), Қарақия ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың (бұдан әрі – атқарушы органдар) қызметтік күелігін беру тәртібін және оның сипаттамасын анықтайды.

2. Қызметтік күелік (бұдан әрі – Куәлік) мемлекеттік әкімшілік қызметшімен аппаратта, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарында, атқарушы органдарда атқаратын лауазымын растайтын құжат болып табылады.

3. Куәлік белгіленген тәртіппен:

1) аудан әкімінің орынбасарларына, аппарат басшысына, ауылдар, ауылдық округтер әкімдеріне, атқарушы органдардың басшыларына, аудан әкімі тағайындастын аппараттың "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне - аудан әкімінің;

2) аппарат басшысы тағайындастын аппараттағы "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне – аппарат басшысының;

3) ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарының, атқарушы органдардың "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне - тиісті ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, атқарушы органдардың басшыларының қолы қойылып беріледі.

4. Куәлік лауазымға тағайындалған, ауыстырылған (қайта тағайындалған), бүлінген, жоғалған кезде белгіленбеген мерзімге беріледі.

5. Атқарып отырган лауазымынан босатылған, қызметтен босатылған, ауыстырылған (қайта тағайындалған) кезде, мемлекеттік әкімшілік қызметші өкімнің/бұйрықтың шығарылған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қуәлікті кадр қызметіне тапсырады.

6. Куәлікті ауыстырған жағдайларда бұрын берілген куәлік қайтарылуға жатады.

7. Куәліктердің берілуі мен қайтарылуын есепке алу осы Қағидаларға 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша нөмірленетін және тігілетін, қызметтік куәліктерді беру және қайтару журналдарында жүзеге асырылады.

Куәліктерді есептен шығару және жою кадр қызметімен осы Қағидаларға 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік куәліктерді есептен шығару және жою актісі жасала отырып жүргізіледі.

8. Куәлікті жоғалтқан немесе бұлдірген жағдайда мемлекеттік әкімшілік қызметші үш жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда кадр қызметін хабардар етеді.

9. Қызметтік куәлікті дұрыс сақтамау нәтижесінде болған жоғалту, бұлдіру, сондай-ақ қызметтік куәлікті басқа тұлғаларға беру, қызметтік куәлікті жеке басы үшін қызметтен тыс мақсаттарда пайдаланудың әрбір фактісі бойынша кадр қызметімен қызметтік тексеру жүргізу қажеттілігі қаралады.

10. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің кінәсінен жоғалған немесе бұлінген куәлік мемлекеттік әкімшілік қызметшінің өз қаражаты есебінен қалпына келтіріледі.

11. Куәлік мұқаба мен жапсырмалардан тұрады.

Мұқаба көгілдір түсті былғары алмастырыштан дайындалады, ашық түріндегі өлшемі - 65x190 миллиметр. Мұқабаның беткі жағында, ортасында алтын түсті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, төменде баспахраналық шрифтімен "куәлік", "удостоверение" жазбасы орналасқан .

Жапсырмалардың ішкі жағы (өлшемі - 60x90 миллиметр) көгілдір түсті тангир торы аясында шеңбер ішіндегі күн мен қалықтаған қыранның жасырын формасы қолдана отырып орындалған.

Жапсырмалардың жоғары бөлігінде, екі жағынан да "Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы", "Республика Казахстан Мангистауская область" жазбасы мен тиісті мемлекеттік органның атауы (қызыл түсті қою шрифтімен) мемлекеттік (сол жапсырмада) және орыс (оң жапсырмада) тілдерінде жазылады. Олардан төмен үзік жолақпен бөлектелген "Қазақстан Республикасы" (қызыл түсті, шрифт өлшемі - 4) жазбасы орналасқан.

Сол жапсырмада: фотосурет (3x4 сантиметр өлшемде), орталығында куәліктің нөмірі көрсетіледі және "куәлік" жазбасы (қара түсті қою шрифтімен) орналасқан, олардың астында жол-жолымен мемлекеттік тілде тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қара түсті қою шрифтімен, шрифті өлшемі - 14) және лауазымы (қара түсті қою курсивті шрифтімен) көрсетіледі. Төменде "Берілген күн" (курсивті шрифтімен) жазбасы орындалған және куәліктің берілген күні көрсетіледі.

Оң жапсырмада: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және оның астында көгілдір түсті "Қазақстан" жазбасы орналасқан, ортасында "удостоверение" жазбасы орналасқан және куәліктің нөмірі (қара түсті қою шрифтімен) көрсетіледі, олардың астында жол-жолымен орыс тілінде тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қара түсті қою шрифтімен, шрифті өлшемі - 14) және лауазымы (қара түсті қою курсивті шрифтімен) көрсетіледі. Төменде "Дата выдачи" (курсивті шрифтімен) жазбасы орындалған және куәліктіңберілген күні көрсетіледі.

12. Куәлік басшылықтың қолымен расталады және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

"Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік

мекемесінің, Қарақия ауданының ауылдар,

ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарының,

Қарақия ауданының

бюджетінен қаржыландырылатынатқарушы органдардың

қызметтік куәлігін беру қағидаларына және

оның сипаттамасына 1 қосымша

Нысан

## **Қызметтік куәліктерді беру және қайтару журналы**

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Атқаратын лауазымы	Куәлік №	Беру күні	Алғандығытуралықолы	Тапсыру күні	Тапсырғандығы туралы қолы

Ескертпе: журнал тігілген, нөміренген болуы тиіс.

"Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, Қарақия

ауданының ауылдар, ауылдық округтер

әкімдерінің аппараттарының, Қарақия

ауданының бюджетінен

қаржыландырылатын атқарушы

органдардың қызметтік куәлігін беру

қағидаларына және оның сипаттамасына 2

қосымша

Нысан

**Ұйымның атауы**

**АКТІ**

№

Жасалу орны                    күні

Біз төменде қол қойғандар (3-тен кем емес қызметкер, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), атқаратын лауазымын көрсету керек), "Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, Қарақия ауданының ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарының, Қарақия ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдарының қызметтік куәлігін беру

қағидалары және оның сипаттамасының 5 тармағының негізінде қызметкердің есептен шығаруға және жоюға жиналған практикалық маңызын жоғалтқан күөліктерін зерделеп: \_\_\_\_\_ байланысты \_\_\_\_\_ тізімге сәйкес:

Оларды есептен шығару және жою бойынша осы актіні жасадық:

Лауазымныңатауы                    Қолы

Лауазымныңатауы                    Қолы

Лауазымныңатауы                    Қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК